

**Хаван А.**

аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
«Тұран-Иран» ғылыми-зерттеу орталығы  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aidyngulk@gmail.com

**ӘБУ НАСР ӘЛ-ФАРАБИ АРАБ ДЕРЕККӨЗДЕРІНДЕ**

Мақалада Екінші ұстаз Әбу Наср әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығы араб дереккөздеріндегі тарихи мәліметтерге сүйене отырып зерттеліп, ғалымның Араб-Мұсылман өркениетіне қосқан орасан зор үлесі мен айшықты іздері сараланады. Ортағасырлық араб тілді тарихшы-жылнамашылардың библиографиялық-энциклопедиялық сипатта жазылған еңбектері арқылы біздің заманымызға дейін жеткен Әбу Наср әл-Фарабидің жазба мұрасы мен көне Отырар (Фараб) қаласы туралы құнды деректер бүгінгі фарабитану ғылымы үшін таптырмайтын дереккөздер екендігі дәлелденеді.

ҚР Тұңғыш Президентінің бастамасымен жүзеге асырылып келе жатқан «Мәдени Мұра», «Халық – тарих толқынында», «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламалары Әбу Наср әл-Фарабидің мазмұнға бай жазба мұрасының өз Отаны – Қазақстанға оралуына даңғыл жол салып бергені туралы сөз болады.

**Түйін сөздер:** әл-Фараби мұрасы, ортағасырлық ғылым мен мәдениет, дереккөздер, фарабитану, библиографиялық көрсеткіштер.

Khavan A.

Senior teacher, Scientific-Research Centre of "Turan-Iran",  
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: aidyngulk@gmail.com

**Al-Farabi in the Arabic Sources**

In this article is considered life and works of the Second Teacher Abu Nasr al-Farabi referring to historical data in the Arab sources and the huge contribution of the scientist in a medieval Arab-Muslim civilization reveals. Written monuments of Abu Nasr al-Farabi and the invaluable information about ancient Otyrar (Farab) reached us through bibliographic and encyclopedic works of medieval Arabic-speaking historians chroniclers are considered important sources for modern to a farabi's studies.

The role and importance of the state program which are carried out at the initiative of the First President of Kazakhstan "Cultural heritage", "The people – in a history stream", "Seven sides of the Great steppe" in return of the richest written monuments Abu Nasr al-Farabi to the Homeland – Kazakhstan are defined.

**Key words:** Heritage al-Farabi, medieval science and culture, sources, farabi's studies, bibliographic indexes.

Хаван А.

ст. преподаватель, Научно-исследовательский центр «Туран-Иран»,  
Казахский национальный университет им. аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: aidyngulk@gmail.com

**Абу Наср Аль-Фараби в арабских источниках**

В статье рассматривается жизнь и творчества Второго Учителя Абу Насра аль-Фараби на основе исторических сведений в арабских источниках и раскрывается огромный вклад ученого в развитие средневековой арабо-мусульманской цивилизации. Письменные памятники Абу Насра аль-Фараби и бесценные сведения о древнем Отыраре (Фараб), дошедшие до нас через

библиографические и энциклопедические труды средневековых арабоязычных историков-летописцев, считаются важными источниками для современного фарабиеведения.

Определяются роль и важность государственных программ, которые осуществляются по инициативе Первого Президента РК, “Культурное наследие”, “Народ – в потоке истории”, “Семь граней Великой степи” в возвращении богатейших письменных памятников Абу Наср аль-Фараби в свою Родину – Казахстан.

**Ключевые слова:** Наследие ал-Фараби, средневековая наука и культура, источники, фарабиеведение, библиографические указатели.

## Кіріспе

Ежелден-ақ, адамзат өркениетінің бір ошағы болған ұлы қазақ даласының тұлғалары мен ойшылдарының әлем өркениетіне қосқан үлесі орасан зор. Көне қазақ даласының сауда, дипломатиялық керуен жолдары тоғысқан жерінде орналасқан байырғы тарихи қалаларда туып, өсіп, шалғайдағы араб елдеріне сапар шегіп, мұраларын араб, парсы және сол кездегі өзге де өркениет тілдерінде жазып қалдырған түрлі ғылым салалары өкілдерінің рухани жазба мұраларын түгендеу, елге қайтару – ұлт тарихындағы ақтандақтарды қайта зерделеудегі мемлекеттік дәрежедегі өте ауқымды және маңызды жобалардың бірі.

ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасының бастама-сымен «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында, алдымен отандық тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар жаңғыртылса, «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы басталған игі істі әлемдік деңгейдегі ауқымды шараға дейін көтеріп, нәтижесінде шет мемлекеттердің кітапхана қорлары мен мұрағаттарындағы Орта Азия мен Қазақстанға қатысты құнды жәдігерлер мен тарихы әріде жатқан бағалы мұраларды елге оралтуға мүмкіндік туды.

Әлем мұрағаттарындағы қазақ тарихына қатысты мәліметтерді зерттеу, ұлттық тарих бойынша материалдарды анықтау және қолжазбалар мен құжаттарды көшіріп алу, жазба деректерді оқу бағытында ауқымды да табысты жұмыстар атқару отандық тарихшылар мен деректанушылар, мәдениеттанушылар мен тілтанушы ғалымдардың алдына уақыт оздырмай өзара жүйелі, толыққанды ғылыми-зерттеу жұмыстарын бірлесе атқару міндетін қойып берді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Елбасы ұсынған халықаралық, мемлекеттік дәрежедегі ауқымды ғылыми жобаларды ҚР БҒМ Ғылым ордасы Ғылыми-зерттеу инсти-

туттарымен бірлесе отырып, жүзеге асырып келе жатқан бірден бір жоғары оқу орны.

«Халық – тарих толқынында» жобасы шеңберінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанынан құрылған ғылыми топ шетел мұрағаттарының мәліметтеріне сүйене отырып, Ватикан апостол кітапханасынан (*Biblioteca Apostolica Vaticana*) ғұндарға, түркілерге, Түркі қағанаты мен Алтын Орда тарихына қатысты материалдармен бірге, қазақтар мен қазақ елінің тарихы туралы құнды деректер мен Аттилань бұған дейін ешбір жерде кездеспеген суретін тауып елге оралтса, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының басшылығы Марокко корольдігі Касабланка, Рабат және Фес, Мадрид (Испания) қалаларынан қазақ халқының ортағасырлық тарихы мен мәдениеті туралы маңызды жазба деректерді елге алып келді. Осылардың ішінен Отырар ойшылы Әбу Наср әл-Фарабидің бұзау терісіне жазылған 10 трактатының Эскориал (*San Lorenzo de El Escorial*) кітапханасынан табылуын ерекше атап өткен жөн. Бұл шетел мұрағаттарына жүргізілген ғылыми экспедициялардың бір қыры ғана.

Байырғы қазақ даласының көркін енгізген мәдениеті зор тарихи қалалар Отырар, Сүткент, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Баршынкент, Жент, Исфиджаб-Сайрам, Тараз, Баласағұн т.б. туралы құнды мәліметтер мен сонда туып-өскен даланың дана перзенттерінің ортағасырлық өркениет тілдерінде (араб, парсы) жазып қалдырған мұраларын зерттеу, оларды қоғам мүддесіне жарату аса жауапты міндет. Елбасының тарихи сананы жаңғырту ұлттық дүниетанымның өткені мен бүгіні және болашағының іргелі негіздерін терең зерделеуден басталатынын баса айтуы да сондықтан. Қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты және қазақ даласында бой көтерген мың жылдық тарихы бар өркениет ошақтары болған байырғы қалалар туралы ортағасыр кезеңінде араб, парсы тілдерінде жазылып сақталған құнды

жазбалар мен деректерді жинақтап, өз деңгейінде түсініп, аудару және ел игілігіне ұсыну мемлекеттік дәрежедегі іргелі ғылыми-зерттеу жобаларға сұранып тұрған ірі тақырыптардың бірі екендігі сөзсіз.

Ортағасырлық араб тілді тарихшы-жылнамашылардың библиографиялық-энциклопедиялық сипатта жазылған еңбектері арқылы біздің заманымызға дейін жеткен көне қыпшақ даласы мен Түркістан өлкесі туралы құнды жазба деректер бүгінгі отандық тарих ғылымы, шығыстану ғылымы, филологиялық, деректану салалары үшін таптырмайтын дереккөздер екендігі анықталуда.

Бір ғана мысал, атақты жылнамашы-тарихшы Йақут әл-Хамауидің (1178-1229) «Елдер туралы сөздік» («*Му ʿжам әл-булдан*») еңбегінде қыпшақ пен орыс өлкесіне татарлардың жасаған шабуылы «*Зикр мә фа ʿалаһу ат-татар би қифжақ уә әр-рус*» («Татарлардың Қыпшақ пен Ресейді басып алуы (не жасағаны туралы)», «*Зикр ауд ат-татар мин биләд әр-рус уә қифжақ илә мулукиһим*» («Татарлардың Ресей елі мен Қыпшақтан өз иеліктеріне қайтып оралуы»), «*Зикр ма фа ʿалаһу ат-татар би Мә уәрә ән-Нәһр ба ʿда Бухара уә Самарқанд*») («Татарлардың Бухара мен Самарқандтан кейін Мауарранһрға жасағандары туралы») деген тақырыптарда кеңінен баяндалған.

Йақут әл-Хамауидің осы аталған еңбегінде Түркістан туралы «Түркістан – барлық түркі елдеріне ортақ атау... Қойлары бір төлдегенде бесалтыға дейін қозы береді. Екі немесе үшеу төлдейтіндері сирек кездеседі. Әрі өте ірі болады. Құйрықтары жер сүзіп жүреді. Түріктердің ең кең әрі үлкен елі «*Тағазғз*» елі. Қытаймен, қимақпен, қыпшақ, қырғызбен шектеседі. Мұсылмандар жағымен шектесетін жағында Фараб қаласы жатыр. Түркістанда он алты әйгілі қала бар. Хишам ибн Әбу әл-Мәлік түріктерге елші жіберіп, исламға шақырды... Халқының басым бөлігі отқа табынады. Ал кейбірі *мәни* мәзһабын ұстанады... Бұл хабарды естіп, көргенім бойынша жаздым. Анығын Алла біледі!» (Yaqut al-Namaui, 193: б) деп жазады.

Ислам тарихшысы Ибн әл-Әсир (1160-1233) «*Әл-кәмил фи-т тарих*» («Кемел тарих») еңбегінде «*Зикр газату әл-Муләһһәб Мә уәрә ән-Нәһр*» («*Әл-Муләһһәбтың Мә уәрә ән-Нәһрге жорығы*») т.б. қызықты тарихи мәліметтер кездеседі.

Қазіргі отандық ғылыми-деректанулық зерттеулер бір ғана Отырардың өзінен отызға жуық

әл-Фараби ныспылы ғалымдардың шыққанын көрсетіп отыр. Сол ойшылдардың ішінен оқ бойы озық шыққан шоқтығы биік ғұлама – Әбу Наср әл-Фараби (259-339/870-950) еді.

ҚР Тұңғыш Президентінің өткен жылы жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасы аясында Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Наср әл-Фараби есімі берілген (1992). Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Египет Араб Республикасындағы (ЕАР) ҚР Елшілігінің қолдауымен Каир университеті жанынан «Әл-Фараби» ғылыми-білім орталығын ашса, «Архив-2025» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында университет ғалымдарынан құралған Каир қаласына ұйымдастырылған «Ұлы даланың ұлы есімдері» ғылыми экспедициясы Әбу Наср әл-Фарабидің баға жетпес бай мұрасы мен құнды қолжазбаларымен танысып, ойшыл-философ трактаттарына түсіндірмелер берген бірнеше ғасырлар бойы жазылған әлем ғалымдарының сан алуан еңбектерімен танысып, библиографиялық жұмыстар жүргізіп қайтты.

#### Негізгі бөлім

Әбу Наср әл-Фараби әлемдік тұлға. Әйгілі Отырар шаһарынан шығып, шалғайдағы араб елдеріне ілім іздеп сапар шеккен болашақ ғалымның алғаш табан тіреп, тұрақтаған мекені Бағдад қаласы. Бір жағынан Бағдад – сол кездегі әйгілі Бағдад обсерваториясы орналасқан өркениет орталығы болса, екінші жағынан оған дүниенің төрткүл бұрышынан асқан білімпаз оқымыстылар мен данышпандардың тартылуы Әбу Насрдың теңдесі жоқ ғұлама болып қалыптасуына берік платформа бола білді.

Әл-Фарабидің ғылыми өмірі араб елдерінің арасында сапар шегумен өтеді. Бұл оның ғылыми ізденісін бір сәт те тоқтатпай, ірі ғылым ошақтары шоғырланған араб елдерінің бәріне түгелдей дерлік баруға тырысып, ілімін үздіксіз молықтырып, әрдайым ізденіс үстінде болғанын көрсетеді.

Өмірінің қырық жылдан астам уақытын Әбу Насрдың шығармашылығын зерттеуге арнаған белгілі араб ғалымы Ибраһим Мадкур (1902-1996) ойшылдың ғұмырында оқу мен ізденуден бір сәт те қол үзбегеніне көз жеткізгенін аса ыждағатпен ескертеді: «...қырық жыл тіпті одан да көп уақыттан бері әл-Фарабимен бірге жасап келемін, бұл әрине, аз уақыт емес. Осы уақыт аралығында ғалым шығармашылығын аса зейінмен зерттедім. Сонда түсінгенім, оның оқу мен

ізденуден бір сәт те қол үзбегені болса, заманы оны елеусіз қалдырып, бағасын беруде әділдік танытпаған екен. Шығармалары болса белгісіз қолжазбалар күйінде дүниенің төрткүл бұрышында шашырап қалды» (Ibrahim Madkour, 1983:5 б.) деп жазады.

Ғалым сөзінің жаны бар. Олай дейтініміз, Әбу Наср әл-Фарабиді ұстаз тұтқан бірі шығыстық, бірі батыстық екі ойшыл – Әбу Әли ибн Сина (990-1037) мен Мухаммед ибн Ахмад ибн Рушдтың (1126-1198) француз шығыстанушысы Диляс Олбири (*Dilyas O'Leary*) сөзімен айтқанда «еңбектеріндегі кез келген идеялардың түпкілікті мәндік негіздері әл-Фарабидің ілімінде» (Диляс Олири, 1952:166 б.) жатқанына қарамастан, олардың беделі XII ғасырда, әсіресе Батыста, әл-Фарабиден анағұрлым ілгері кетті. «...ибн Синаның философияға сіңірген еңбегі Екінші ұстаздың ислам философиясы саласында айтқан ойларын түсіндіруінде, оларды дамытуында, әл-Фарабиді танытуында» (Ibrahim Madkour, 1983:7 б.) болғанымен, әл-Фарабимен салыстырғанда ибн Сина «XI ғасырдан бастап ислам әлеміндегі философиялық зерттеулердің алдыңғы қатарынан көрінді. Ибн Синаның еңбектері көп оқытылып, көп зерттелді, оның көзқарастарына түсіндірмелер жиі жазылатын еді» дейді ғалым И. Мадкур (Ibrahim Madkour, 1983:8 б.)

Итальяндық философ-ғалымдар Джованни Реале (*Giovanni Reale*) (1931-2014) және Дарио Антисери (*Dario Antiseri*) (т.ж.1940) де «XI ғасырда өмір сүрген еуропалық теологтар мен ғалымдардың назарында аристотелизмнің алғашқы жүйелі негізін ұсынған... олар барынша беделді деп санап келген Әбу Әли ибн Сина Аристотель философиясына толыққанды, жалғыз авторлық түсініктеме беруші болды» (Дж. Реале., Д. Антисери, 1994:120 б.) деп жазады.

Әбу Наср әл-Фарабидің кез елген философиялық ілімінің зор ықпалында болып, ойшылдың *эманация* (نظرية الفيض *назарияту-л файд*) теориясын дәл сол күйінде қабылдаған ибн Сина Батыста ортағасырдың өзінде-ақ, жеке мектебін қалыптастырып үлгерді. Ортағасырлық көпшілік христиан ойшылары, әсіресе Ұлы Альберт (*Albertus Magnus*) (1200-1280) пен Роджер Бэкон (*Roger Bacon*) (1214-1292) әл-Фараби еңбектерінің мәнін ашуда көбінесе ибн Синаның түсіндірмелеріне сүйенді деуге болады, нәтижесінде, ибн Синаның есімі күллі әлемге таралды.

Екінші ұстаздың пайғамбарлық (نظرية النبوة *назарияту ән-нубуа*) және байланыс (نظرية الاتصال *назарияту-л иттисал*) теорияларын мойындаған,

оның себептілік немесе жасампаз себеп дәлелдеріне ( دليل العلة *далил-ул илла*, دليل الإمكان *далилу-имкан*, دليل المادة *далилу әл-мадда* دليل الزمان *далилу әз-заман*) жүгінген, түптеп келгенде, ойшылдың бірсыпыра ойларының әсерінде қалған испандық философ ибн Рушд (*Аверроэс*) ортағасырлық латын тілді әдебиеттерде кеңінен танымал болды. Оның философиялық көзқарастары топтастырылған еңбектері өзі өмірден озғанына қырық жыл толмай жатып-ақ, латын тіліне түгелдей дерлік аударылып үлгерді деуге болады. «Ұлы комментатор» атағына ие болған ибн Рушдтың Аристотель еңбектеріне берген түсіндірмелері латындық еңбектерде әлі күнге дейін бағаланып келеді. «Шамамен үш ғасыр бойында – он төртінші ғасырдан он алтыншы ғасырға дейін – ибн Рушд пен оның ізбасарларының еңбектері жаппай оқытылып, көп зерттелді. Бір сөзбен айтқанда, рушдиялықтар өз ұстаздарының ілімін кеңінен таратты» (Ibrahim Madkour, 1983:9 б.).

Кезінде тұңғыш қазақ фарабитанушы ғалымы Ақжан Машанов (1906-1997) дүниежүзіне үлгі болған ортағасырлық араб ғылымын жасауға зор үлес қосқан Орта Азия мен көне қазақ жерінен шыққан ғалымдардың ішінен әл-Фарабидің мұрасын іздестіріп, ғалымның ешқандай еңбегінің Қазақстанда жоқ екеніне көз жеткізген соң «...әл-Фараби мұрасы біздің қолымызда атымен жоқ болып шықты. Басқалардың аты да, заты да, еңбектері де бар, ал әл-Фарабидің аты да заты да жоқ. Әбу Әли ибн Сина (990-1037), Әбу Райхан әл-Бируни (973-1048) сияқты ірі ғалымдар әл-Фарабиді өзіне ұстаз тұтқан. Ал олардың еңбектері көп томды болып шыққан. Әл-Фарабиден ешнәрсе жоқ... басқа елдің ғалымдары білген әл-Фарабиді оның туған елінде отырған біз неге білмейміз?» (А. Машани, 2005: 47 б.) деген орынды сауал тастап, ұлы баба мұрасын іздестіріп, зерттеу ісін өзі бастап қолға алған еді.

Әлемнің әр түкпірінде басталған осындай игі бастамалардың нәтижесінде, ортағасырдың өзінде-ақ, шығармалары аударыла бастаған ғалым еңбектерінің XIX ғасырдың соңын ала алғашқы нұсқалары баспа бетін көріп, қазіргі таңда ғылымның барлық саласын дерлік қамтитын бірегей туындылары Орта және Таяу Шығыс, Еуропа, Қиыр Шығыс елдерінде сандаған тілдерге аударылып жарияланып, оның мұрасы мен ол туралы ғылыми-зерттеу еңбектер әлі күнге дейін жазылып келеді.

Сан қырлы ғылым саласын философия мен логикадан тарата зерттеген ғалымның шығармашылық мұрасына арналған зерттеу еңбектер мен



оның трактаттарының библиографиялық көрсеткіштерінің өзі ғана бүгінде ғылымның әр саласындағы зерттеу жұмыстарға таптырмас деректерге айналды.

Ғылым тарихында Әбу Наср әл-Фарабидің туған өлкесі мен мазмұнға бай жазба мұрасы туралы ең алғашқы құнды дереккөздер қызметін әйгілі ортағасырлық жылнамашы-тарихшылар ибн ан-Надимнің (ө.ж. 384/1006) «Тізімдер» («*әл-Фихрист*»), әл-Қифтидің (1172-1227) «Ғалымдар тарихы» («*Ихбару-л улама...*»), әл-Байһақидің (1099-1170) «Даналық сөздерге толықтырма» («*Таттима суану л-хикма*»), Йақут әл-Хамауидің (1178-1229) «Елдер туралы сөздік» («*Му'жам әл-булдан*») және «Ғалымдар туралы сөздік» («*Му'жам әл-удубә*»), ибн Халликанның (1211-1282) «Ұлы адамдардың қазасы және заманының ұлдары жайлы мағұлматтар туралы кітап» («*Уфайату-л айан...*»), Омар Ридаа Каххаланың (1905-1987) «Авторлар туралы сөздік» («*Му'жам әл му'аллифин*»), әл-Құртубидің (1214-1273) «Ұлыстар кітабы» («*Китаб табақату-л умам*»), ибн Усайбианың (1203-1270) «Дәрігер топтары жайлы жаңалықтардың қайнап көзі» («*Уйуну-л анба...*»), әс-Сафадидің (696/1318-764/1386) «Мұсылман ғалымдары мен мемлекет қайраткерлері туралы энциклопедия» («*Әл-уәфи би-л уфайат...*»), ат-Табаридің (839-923) «Ұлыстар мен патшалар тарихы» («*Тарих әл-умам уә-л му-лук*»), Кәтиб Челебидің (Хаж Халифа) (1609-1657) «Кітап және ғылым салаларының атауларына қатысты көзқарастардың ашылуы» («*Кәшиф әз-зунун...*») т.б. сынды араб тілінде жазылған деректанулық, библиографиялық сипаттағы еңбектер атқарады.

Еңбектерін түгелдей дерлік араб тілінде жазған ойшылдың жазба мұрасына зерттеу арнаған әлем ғалымдардың көпшілігі аталған еңбектердің қатарында алдымен, әл-Фарабидің замандасы, араб тарихшысы *ابن النديم* ибн ан-Надимнің (ө.ж. 384 *هجра*) *الفهرست* «*әл-Фихрист*» («Тізімдер») еңбегін атайды. Жылнамашы атақты еңбегінде ойшылдың жеті еңбегінің тізімін келтіріп, «Әбу Наср әл-Фараби ныспысы Хорасан жеріндегі Фариаб (*فارياب*) қаласына қатысты берілген» (An-Nadim, 1978:368 б.) дейді.

Отырар ойшылының туған жері – Фараб (Отырар) қаласы мен оның еңбектерінің санына қатысты маңызды бір деректі ортағасырда өмір сүрген *أبو الحسن القطبي* Әбу-л Хасан әл-Қифти (1172-1227) жеткізеді. Тарихшы өзінің еңбегінде (*إخبار بأخبار الحكماء العلماء* «*Ихбару-л улама би ахбари-л хукама*») («Ғалымдар тарихы»): «Мухаммад ибн

Мухаммад ибн Тархан Әбу Наср әл-Фараби философ Мауараннаһрдағы түркі қалаларының бірі Фарабтан шыққан. Ол сөзсіз, мұсылмандардың философы. Иракқа барып, Бағдатта тұрақтады. Онда кейіннен «әс-Сәлам» қаласында әл-Мұқтадир<sup>1</sup> билігі кезінде өмірден озған Йуханна ибн Хайланнан хикмет ілімін оқыды... оны терең меңгеріп, сол арқылы замандастарының алдына шықты. Ол логикалық кітаптарды зерттеп, оның түсініксіз тұстарына түсіндірме беріп, логиканың сырларын логикалық әдістермен түсіндірді, оны қолданудың, силлогизм формасының әрбір материяда таралу жолдарын ашты, осы арқылы өз замандастарын басып озды... сондықтан да, оның еңбектері шексіз, жан-жақты әрі аса кемел болып жетті. Оның «Ғылымдар жіктемесі және олардың мақсаттарын түсіндіру» деген қасиетті кітабы бар. Бұл кітаптың алдына шығатын ешбір кітап болмаған және ғылым ізденушілердің дерлігі де бұл еңбекті айналып өте алмаған. Сондай-ақ, әл-Фарабидің Платон мен Аристотель еңбектерінің мақсаттарына түсіндірме берген кітабы оның философия өнері мен хикмет ілімдерінің шебері екендігін дәлелдейді» (Al-Qifti, 1990:55 б.) деп, ойшылдың «Дәлел» кітабынан ("*كتاب البرهان*") бастап, «Хабарлардан үзінді бөлімдер» ("*الفصول المنتزعة من الأخبار*") шығармасымен аяқталған жетпіс төрт еңбегінің тізімін береді.

Араб жылнамашысы *ياقوت الحموي الرومي* Йақут әл-Хамауи әр-Руми (1178-1229) «*Му'жам әл-булдан*» ("*معجم البلدان*") «Елдер туралы сөздік») еңбегінде былай деп жазады: «Фараб түркі елінің аумағында орналасқан Сейхун өзенінің маңындағы уаләят. Ол Шаштан қарағанда алыс, Баласағұннан жақын... Фарабтың жері сортаң, тұщы, қалың жыныс ормандар көп. Олар Шаш өзенінен суғарылатын оазисте жер шаруашылығымен айналысады. Фарабтан бір топ белгілі адамдар шыққан. Олар «*ас-Сихахтың*» авторы *Исмаил ибн Хаммад әл-Жауһари*, оның нағашы ағасы, «*Диуан әл әдабтың*» иесі *Әбу Ибраһим Исхақ ибн Ибраһим*. Және хакім, философ, фәлсафа өнерінің білгірі *Әбу Наср Мухаммад ибн Мухаммад әл-Фараби*. Әбу Наср Мухаммад ибн Мухаммад әл-Фараби хакім, философ, фәлсафа өнері туралы шығармалардың иесі. Дамаскіде 339 жылы дүние салды. Йуханна ибн Хайланның шәкірті болды. Йуханнаның қазасы оған дейін әл-Мұқтадир заманында болып өтті» (Yaqut al-Namayi, 193:11 б.).

<sup>1</sup> Әбу әл-Фадл Жа'фар әл-Мұқтадир (282/895-320/932) – аббас халифтерінің бірі.

Екінші ұстаз туралы жазылған келесі бір араб тілді еңбектің авторы араб тарихшысы ابن خلکان (1211-1282). Ортағасыр жылнамашысы "وفيات الأعيان و أنباء أبناء الزمان" «Уфайату-л а'йан уа анба абна и аз-заман» («Ұлы адамдардың қазасы және заманының ұлдары жайлы мағұлматтар туралы кітап») атты атақты еңбегінде: «Әбу Наср Мухаммад ибн Мухаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби әт-түрки мәшһүр хәкім. Логика, музыка, және өзге де ілімдер туралы шығармалардың авторы. Ол мұсылман философтарының ең үлкені, оның өнердегі дәрежесіндей дәрежеге жеткендер болмаған. Әр-рәй-ис Әбу Әли ибн Сина өзінің еңбектерін жазуда оған көп жүгінетін еді. Әл-Фараби түркілік еді. Өз елінде туды, сонда ер жетті... Кейін елінен кетті. Сапарлары оны Бағдадқа алып келді. Ол түркі тілін және араб тілінен басқа бірнеше тілдерді білетін еді. Кейін араб тілін үйрене бастады. Оны кемеліне жете меңгерді. Сөйтіп даналық ілімімен айналысты.

Әбу Наср Бағдадқа келген кезде Бағдадта әйгілі хәкім Әбу Бәшр Мәтә ибн Йунус бар еді. Ол үлкен шейх еді. Күн сайын маңайына жүзден астам логикамен айналысатын шәкірттерін жинап алып отыратын еді. Ол кезде Әбу Бәшр Аристотельдің логика туралы кітабын оқып, шәкірттеріне айтып жаздырып, түсіндіретін еді. Аристотельдің логикасына түсіндірмелер туралы жетіс кітап жазды. Оның дәуірінде оның бұл өнеріндей өнер ешкімде болмаған. Әбу Наср әл-Фараби оның шәкірттерімен бірге оның жиынына қатысатын еді.

Әбу Наср осылай Бағдадта аз тұрақтап, Харан қаласына сапар шекті. Онда христиан хәкімі Йуханна ибн Хайлан бар еді. Одан да логикадан дәріс алды. Кейін Бағдадқа қайта оралып, фәлсафа ілімдерімен айналысты. Аристотельдің барлық кітаптарын жинап, оның мағыналарын түсінуде шебер болып алды. Аристотельдің «Жан туралы» кітабы бар, онда Әбу Наср әл-Фарабидің қолтаңбасымен: «Мен мына кітапты екі жүз рет оқып шықтым. Байқаймын, оны қайталап оқуым қажет сияқты» деген жазу бар деп айтылып жүр. Бір риуаятта әл-Фарабиден: «бұл өнерді артық білетін кім, сен бе әлде Аристотель ме?» дегенде ол: «Егер бұл өнерді түсіне алсам, Аристотельдің ең үлкен шәкірттерінің бірі болған болар едім» деп кездеседі.

Әбу Наср Бағдадта осы іліммен айналысып, әйгілі болды, өз дәуіріндегі адамдарының алдына шықты. Көп еңбектерін осы Бағдадта жазды. Сосын Дамаскіге сапар шекті. Онда да көп тұрақ-

тамай, Мысырға бет алды. Әбу Наср өзінің «Азаматтық саясат» атты еңбегін Бағдадта бастап, Мысырда аяқтағанын жазады. Мысырдан Дамаскіге қайтып оралып, сонда тұрақтады. Сол кезде Дамаск билеушісі Сайф әд-Дәула ибн Хамадан еді. Ол әл-Фарабимен жақсы қарым-қатынаста болды.

Әл-Фараби жападан-жалғыз отыратын еді. Дамаск қаласының бір бұрышында тұрақтайтын мекені бар еді, сонда отырып, еңбектерін жазатын. Шығармаларының басым бөлігін жеке-жеке парақтарға жазатын еді, дәптерге жазылатындары аз болатын. Сондықтан да, оның еңбектерінің көбісі бөлім-бөлім әрі түсіндірмелер болып жетті. Тіпті қиылып, жоғалып кеткендері де кездеседі. Дүниедегі ең захид<sup>2</sup> адам еді. Сайф әд-Дәула күн сайын оған қаржыдан төрт дирхем бөліп тұрды. Қанағатшыл еді. Осылай 339 жылы Дамаск қаласында өмірден озғанға дейін жалғасты. Сексен жасқа таяған еді. Дамаск қаласында Бәб сағирде жерленді. Алла рақымына алсын! Әл-Фарабидің ныспысы Фараб қаласына байланысты берілген. Қазір ол жер *Отырар* (أطرار) деп аталады. Бұл Шаштың жоғарғы жағындағы қала, Баласағұн қаласынан жақын. Ол түркі қалаларының бірі. Оны ішкі Фараб (فاراب الداخلة) дейді» (Ibn Hallikan, 1938:230 б.) деп жазады.

Еңбегінде Отырарлық ғұламаның негізгі трактаттарының атауын берген араб тарихшысы عمر رضا كخالة Омар Рида Каххала (1905-1987). Ол "معجم المؤلفين" «Му'жам әл му'аллифин» («Авторлар туралы сөздік») атты кітабында ғалымның "اراء أهل المدينة الفاضلة" «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», "المدخل الي صناعي" "إحصاء العلوم و الموسيقي" «Музыка өнеріне кіріспе», "المدخل الي علم" «Ғылымдар классификациясы және олардың мақсаттарын түсіндіру», "تحصيل السعادة" "المنطق" «Логика іліміне кіріспе», «Бақытқа жету» еңбектерін атайды.

Тарихшы Омар Рида Каххала Әбу Насрдың туған елі – Фараб жайында былай деп жазады: «Мухаммад ибн Мухаммад ибн Узлағ ибн Тархан әл-Фараби. «Екінші мұғалім» (المعلم الثاني) лақабы берілген. Хәкім, математик, дәрігер, музыкатанушы. Түркі, парсы, грек, ассирия тілдерінің білгірі. Фарабта туды. Араб тілін жетік меңгерді. Мәтә ибн Йунусты кездестірді, одан ілім алды. Хуранға сапар шекті, онда Йуханна ибн Хайланды кездестірді. Мысырға сапар шекті. Сосын Дамаскіге қайтып келіп, сонда тұрақтады.

<sup>2</sup> тақуа, сопы

Дамаскіде рәжәб айында өмірден озды. Әл-Фараби ныспысы Хорасан жеріндегі түркі елдерінің бір қаласы Фарабқа қатысты берілген» (Omar Ridaa Kahhala, 1990:194 б.).

Ахмад ибн әл-Құртуби *أحمد ابن الفرطبي* (1214-1273) *«كتاب طبقات الأمم»* ("«Ұлыстар кітабы») еңбегінде ғалымның өмірі туралы айтып, төрт еңбегінің тізімін келтіреді.

Атақты жылнамашы ибн Аби Усайбия *ابن أبي عيون الأنباء في طبقات الأطباء* (1203-1270) *«أصيبة «Уйуну-л анба фи табақати-л атиба»* («Дәрігер топтары жайлы жаңалықтардың қайнап көзі») еңбегінде әл-Фарабидің жүз он үш шығармасының атауын береді.

Әбу Наср әл-Фарабидің туған жерін Хорасанмен байланыстырған араб дереккөздерінде кездесетін екі дерекке қатысты пікірді өткен ғасырдың ортасында ғалымның 1000 жылдық мерейтойына арнап құрастырылған *«أبو نصر الفارابي في الذكرى الالفية»* "«Әбу Наср әл-Фараби фи-з зикр әл-алфия ли уафатиһи» («Әбу Наср әл-Фараби өмірден өткеніне 1000 жыл») атты еңбекте араб ғалымы *سعيد زايد* Саид Зайд былайша түйіндейді: «...егер ол *Фариабтан* болса, оның есімі әл-Фараби (الفارابي) емес, *әл-Фариabi* (الفاريابي) болған болар еді. Демек әл-Фараби есімі оның Фарабтық екенін дәлелдейді» (Sayd Zayd, 1983:144). Сондай-ақ, ибн Халликан жоғарыда аталған еңбегінде: «... оларда Сыртқы Фараб (فاراب الخارجة) деген де бар. Ол Парсы елінің атырабында орналасқан» (Ibn Hallikan, 1938:156 б.) дейді.

1954 жылы Бейрутте жарық көрген *«الفارابي»* «Әл-Фараби» атты кітаптың кіріспесінде: «...ибн Халликанның айтуы бойынша, әл-Фараби ішкі Фарабтан шыққан түркі, ал ибн ән-Надим оны Хорасан жеріндегі сыртқы Фарабтан дейді. Сонымен, әл-Фараби түркі ме әлде парсы ма? Біз оның парсы екендігімен келісеміз, себебі араб тілін түркілер білген жоқ, сондықтан олар – ғылым немесе философияда – араб тілі арқылы әйгілі болуы екіталай еді, дегенмен, әл-Фараби сынды тұлғаның жөні басқа» деген дерек бар (Al-Farabi, 1954:12).

Бүгінгі таңда әлемдік және отандық фарабитану ғылымы үшін әл-Фарабидің туған жері Оңтүстік Қазақстан территориясындағы Отырар (Фараб) қаласы. «Араб, парсы шежірелерінің деректеріне қарағанда, әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр тұсындағы Фараб (Отырар) қаласында, қайсыбір деректерде – оның тікелей

ықпалында болған іргелесі Уасиджде (Оқсыз) отырарлық әскербасының отбасында дүниеге келген. Ол туған жерінің атауымен «әл-Фараби» яғни «Фарабтық» деген атқа ие болған (Ә. Дербісәлі, 1995:12 б.).

Отырардан кеткен соң әл-Фараби алдымен Бағдадқа барады. Бағдадқа барар жолында ол Иранның көптеген қалаларында Исфаханда, Хамаданда, Рейде болады. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, Фараби бұл сапарға әскербасы болған әкесімен бірге аттанады (М. Хайруллаев, 1967:25; Mustafa Galyb, 1998:11). Ғалымның рухани мұрасын зерттеуші М. Хайруллаев: «Әдебиетте әл-Фараби Орталық Азиядан кеткенге дейін Шаш пен Самарқандта болып, біраз уақыт Бұқарада оқып, еңбек етті деген деректер бар» (М. Хайруллаев, 1967:45) деп жазады. Ал араб фарабитанушы ғалымы *مصطفى غالب* Мұстафа Ғалиб былай дейді: «Тарихи деректер көрсеткендей, әл-Фараби сапар шегуге бала кезінен құмар болды. Ислам елдеріне сапар шекті. Ираққа дейін барды» (Mustafa Galyb, 1998:22).

Ілімін жиһанкездікпен ұшастырған ғалымның арнайы ат басын тіреп, ғылыми ізденісін молықтыра түскен бір мекені – Мысыр шаһары. Тарихи деректер көрсеткендей, 337 (h) жылы Мысырға сапар шеккен Әбу Наср өзінің Бағдад қаласында бастап, Шамда біраз толықтырған «Мемлекеттік саясат» трактаты мен атақты «Қайырымды қала тұрғындары көзқарастары» еңбегіне қосқан бөлімдерін дәл осы Мысыр шаһарында кемелдендіріп, тәмамдайды. Сонымен бірге, Ежелгі Мысыр – ойшылдың Дамаск шаһарына қайта оралып, көп ұзамай мәңгілік мекеніне аттанар алдындағы соңғы тұрақтаған қаласы.

Әл-Фарабидің Мысыр елінде қанша уақыт болғаны туралы араб дереккөздері мәлімет бермейді. Ғалым Ә. Дербісәлі ойшылдың Мысырға сапар шегуін Әбу Наср сияқты түркілердің әскери отбасынан шыққан Мұхаммед ибн Тұғұж әл-Ихшид есімді тарихи тұлғамен байланыстырады. Ғалымның пайымдауынша, Мұхаммед ибн Тұғұж әл-Ихшид 935-946 (миләди) жылдар аралығында Мысырда патшалық құрған Орта Азияда беделді лауазым иесі көрінеді. Ойшылдың Мысыр шаһарында қанша уақыт болып, Ежелгі перғауындар еліне қанша рет айналып соққаны туралы дерек бізде жоқ. Беделді тарихи деректердің дерлігі оның Мысырда болған уақытын бір ғана 337 жылмен белгілейді.

Әбу Насрдың Бағдадтан қашан кеткені туралы нақты дерек жоқ. Бір жазбаларда әл-Фарабидің қаланы тастап, Сирияға бет алған

уақытын нижраның 329-330 жылдарымен белгілейді 337-жылы Мысырға келіп, өзінің «Мемлекеттік саясат» еңбегін аяқтайды. Өмірінің соңында Дамаск билеушісі *Сайф ад-Дауланьың* шақыруын қабыл алып, Дамаскіге қайта оралады. 339-жылы *рәжәб* айында 80 жасында қайтыс болады.

Әбу Наср өзінен кейін орасан зор мұра қалдырды. Ғалым еңбектерінің қолжазбалары әлемнің түкпір-түкпіріне таралып, оның шығармашылығы жайында көптеген ғылыми зерттеулер жарияланды. Жазу-сызу араб әліпбиі негізінде өмір сүріп келген елдерде ХІХ ғасырдың ортасына дейін жазба ескерткіштердің қолжазба күйінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырғаны белгілі. Орта Азия мен бүкіл Мұсылман Шығысы ойшылдары туындыларының қолжазбалары да көшіруші-хаттар арқылы біздің заманымызға дейін жетті. Әдетте, қолжазба еңбектер арнайы тапсырыспен тек бір ғана нұсқада жазылды. Бір шығарманың бірнеше нұсқасы да кездесіп отырады, бірақ олар көп жағдайда, әр-

түрлі адамдар арқылы әр кезеңдерде жазылды. Еңбектерді кітап етіп бастырып шығару ісі болмағандықтан, көптеген қолжазбалар бүкіл әлемге шашырап, кейбірі жоғалып, кейбірі әлі күнге дейін табылмай келеді.

Әбу Наср әл-Фараби шығармалары қолжазбаларының тағдыры да осы іспеттес. Ғалымның еңбектері белгісіз қолжазбалар күйінде әлемнің төрткүл бұрышына шашырап кетті. Бүгінгі таңда ғалым трактаттарының нұсқалары Тегеранда, Исфаһанда, Ирақта, Бейрутте, Хайдарабатта, Каирде, Стамбулда, Берлинде, Лейденде, Лондонда, Мадридте, Ташкентте және әлемнің басқа да елдерінде сақтаулы екендігі анықталып отыр.

Көне Отырарда дүниеге келіп, өмірінің көп бөлігін араб елдерінде өткізген, еңбектерін түгелдей дерлік араб тілінде жазып қалдырған ұлы бабамыздың шығармаларын түгендеп, елге оралтып, бірізге түсіріп, әлемдік деңгейдегі ортақ библиография әзірлеу – заман талабы.

#### Әдебиеттер

- Ибраһим Мадкур. *Әбу Наср әл-Фараби фи-з зикр әл-алфия ли уафатиһи*. – Каир. – 1983. 5 б.  
Реале Дж., Антисери Д. Западная философия от истоков до наших дней. 2 т. Средневековье. – СПб.: ТОО «Петрополис», 1994. – С.120.  
Машани А. Әл-Фараби және Абай. Алматы, 2005. 47 б.  
Ибн ан-Надим. *Әл-фихрист*. Каир. – 1978.  
Әл-Қифти. *Ихбару-л ұлама би ахбарил-һукамә*. – Бейрут. – 1990. С.55.  
Йакут әл-Хамауи әр-Руми. *Мү жам әл-булдан*. Каир. – 1930. С.11.  
Ибн Халиккан. *Уфайату-л а'йан уа анба' абна'и аз-заман*. Каир. – 1938. С.4.  
Омар Рида Каххала. *Мү жәм әл-му'аллифин*. Бейрут. – 1990. С.11.  
Хайруллаев М.М. Мировоззрение Фараби и его значение в истории философии. – Ташкент, 1967.  
Мұстафа Ғалиб. әл-Фараби. Бейрут. – 1998.  
Әбсаттар Дербісәлі. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 40 б.

#### References

- Ibrahim Madkur. Abe Nasr al-Farabi fi zikra al-alfya li uafatihi. Kayr, 1983. – 5 b.  
Reale Dj., Antiseri D. Zapadnaya philosophy otistokov do nashih dnei. 2 t. Srednevekovye. Spb. TOO “Petropolis”, 1994. – 120 s.  
Mashany A. Al-Farabi jane Abay. Almaty, 2005. – 47 b.  
Ibn an-Nadym. Al-Fihrist. Kayr. 1978.  
Al-Qyfty. Ihbaru-l ulama bi ahbar-il hykama. Beyrut. 1990. – 55 s.  
Yaqut al-Hamayi ar-Rumi. Mugjam al-buldan. Kayr. 1930. – 11 s.  
Ibn Halikkan. Uafayat alagyan ua anba abna az-zaman. Kayr. 1938. – 4 s.  
Omar Ridaa Hakkala. Mugjam al-mualiffin. Beyrut. 1990. 11 s.  
Hayrullaev M. Mirobozrenye Farabi I ego znachenye v istoty philosophy. Tashkent. 1967.  
Mustafa Galyb. Al-Farabi. Beyrut. 1998.  
Absatar Derbisali. Onegeli omir. Almaty. Qazaq universyteti. 2016. – 40 s.